индустрияландыру мен бәсекеге қабілеттілік бойынша саясаттың нәтижесін, оның ішінде индустриялық-инновациялық дамыту саясатының бәсекеге қабілеттілікті арттыруға әсерін, ғылыми негізделген тұрғыда бағалауды өзекті мәселе ретінде анықтайды.

Қазақстанның алдында нарық субъектілерінің өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылыми сыйымды технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған іс-әрекеттерді жандандыру міндеті тұр.

Қазіргі күні Қазақстандағы инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қалыптастыру мен дамытуда кедергі болатын факторлары келесідей:

- өз қаржыларының жетіспеушілігі негізінде инвестициялық қорлар арқылы несиелерге қол жеткізудің қиындығы;
- инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сәйкес инженерлік-транспорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік қойма орындарының жеткіліксіздігі;
- инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қолданыстағы заңдардағы өзгертулер туралы хабарсыздығы, әкімшілік кедергілер және кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде билік органдарының нақты тәртіптерінің жоқтығы;
- инновациялық кіші кәсіпорындардағы жұмыскер мамандықтарының білікті мамандарының жеткіліксіздігі. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің өңдеуші өндірістерінің ірі және орта ұйымдарымен өзара әрекеттесу және кооперациялануын дамыту туралы мәселе ерекше зер салуды талап ету қажеттілігі.

Сондықтан инновациялық кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына қол жеткізу үшін мына мәселені шешу қажет:

- инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық қолдау;
- инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін заңнамалық қолдау;
- инновациялық кәсіпкерлік субъектілері алдында тұрған әкімшілік кедергілерді азайту [4].

Бұл мақсатты орындау үшін мынадай шараларды қолдану болжамданады:

- «инновациялық жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларын, технологиялық парктер, индустриалдық өңірлер және басқа да жеке кәсіпкерлікті дамыту объектілерін құру және дамыту;
- инновациялық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- инновациялық шаруашылық етуші субъектілердің реттеуші және қадағалаушы қызметтермен және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу әдістерін жетілдіру;
- тиімді бәсекеге қабілетті орта үшін жағдайлар жасау;
- инновациялық кәсіпкерлік ахуалды жақсартуға жәрдемдесу, өңір экономикасына салымдардың тартымдылығын мақсатты жоғарылату».

«Шағын және орта инновациялық кәсіпорын ғылыми ұйымдар аумағында құрылуы мүмкін. Және де шағын кәсіпорынның басшысы аталмыш ұйымның қызметкері болып қалады, ал инновациялық идеяларды дәлелдеу және дамыту жөніндегі жұмыстар ғылыми

ұйымдардың жабдықтарымен жүргізіледі. Осындай шағын ұйымның аясында қол жеткізілген инновациялық жетістіктер шағын кәсіпорынға да, сондай-ақ ғылыми ұйымға да тиесілі болуы мүмкін. Шағын кәсіпорындар инновациялық өнімдерді нарыққа жылжыту үшін делдал қызметін де атқарады».

«Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік ахуалын жақсарту үшін:

– білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;

– инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметін реттеу деңгейін жоғарылату керек

Қазақстанда ғылымды қаржыландыруға соңғы бес жыл ішінде ЖІӨ-нің 0,2% жұмсалады. Бұл, әрине, төмен көрсеткіш. Алайда, Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне орай, 2010 жылға дейін кезең-кезеңмен аталған көрсеткішті ЖІӨ-нің 2% дейін көтеру, ал 2015 жылы 2,5-3,0% жеткізу көзделіп отыр. Кейбір ғылыми-зерттеулерді қажетті деңгейде қаржыландырмау мен жауып тастау салдарларынан көптеген жас ғалымдар ғылым саласынан кетуге мәжбүр болды. Сондай-ақ, ғылымның материалды-техникалық базасы тозып, ескірді».

Нәтижелер мен талқылаулар. «Инновациялық қызметтегі мемлекеттің орны оның ғылымға бөлген қаражаттарымен анықталады. Атап айтсақ, 2000 жылы ғылыми зерттеулерге жұмсалған мемлекеттік шығындар келесідей көрсеткіштерге ие: АҚШ – 246 млрд долл. (ЖІӨ-нің 2,9%), Жапонияда – 94,2 млрд долл. (ЖІӨ-нің 3,0%), Германияда – 45,8 млрд долл. (ЖІӨ-нің 2,35%), Францияда – 28,0 млрд долл. (ЖІӨ-нің 2,25%), ал Швецияда – 7,6 млрд долл. (ЖІӨ-нің 4,0%).

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыруда мемлекеттің және коммерциялық құрылымдардың қатысу деңгейі Еуропа мен одан тыс жерлерде әртүрлі: егер Жапония мен АҚШ-та ғылымдағы коммерциялық құрылымдардың үлестері сәйкесінше 75 және 77%-ы құраса, Еуропада 66%-ды құрайды. Еуропа елдерінің ішінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды мемлекеттік қазынадан қаржыландырудан келесілер алдыңғы орындарды алып отыр: Португалия (70%), Италия мен Греция (50%-ға жуық), Польша (58%), Венгрия (53%), Словакия (48%) және Чехия (42%).

Әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығарудан көшбасшы тұрған елдер ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінген қаражаттарға қатаң бақылау орнатады. Ол үшін мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер, бюджеттік қолдау, инвестициялар тарту, құрал-жабдықтар лизингі сияқты экономикалық механизмдер қолданылады. Әдетте әлсіз дамыған елдерде ЖІӨ есебінен ғылымға бөлінетін үлес – 0,5%-ды құрайды.

Қазақстан да осындай елдердің құрамына кіреді. 2005 жылы Қазақстан зерттеулер мен әзірлемелерге ЖІӨ-нің 0,29%-ын бөлді, соның ішінде бюджеттің қатысуы 51,2%-ды құрап отыр. Осындай шектеулі қаржыландырудың арқасында Қазақстанның әлемдік нарыққа ғылыми өнімді шығару деңгейі нөлге тең болады. Басқа елдермен салыстырсақ, ғылыми өнімді шығару жағынан әлемдік нарықтағы Ресей үлесі 0,3-0,5%,

Еуропа Одақ елдері – 35%, АҚШ – 25%, Жапония – 11%, Сингапур – 7%, Оңтүстік Корея – 4%, Қытай – 2% [4].

Көптеген мемлекеттерде инновациялық саясат шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Өйткені бұл сфера жаңа өнімдерді енгізуге тез икемделеді және қолайлы инновациялық бәсекелі ортаны қалыптастырады.

«Қазіргі кезеңде Қазақстанда инновацияларды құру және енгізу аясында кәсіпорындардың белсенділігінің төмендеуін көреміз. ҚР статистика агенттілігінің бағалауы бойынша, 01.01.2010 ж. мерзіміне сәйкес республикада кәсіпорындардың инновациялық-белсенділігінің меншікті салмағы жалпы респонденттік санының 3,9% құрайды (10096 бірлік) (сурет 1). Салыстырма бойынша Ресей кәсіпорындарының инновациялық белсендігі 13% (2008 ж.), ал Шығыс Еуропада – 40%-ға дейін (Румыния – 28%, Словения – 32%, Польша – 38%)».

«Аймақтық кескін бойынша инновациялық дамуда көш басында: Алматы қаласы – инновациялық белсенділік 6,7%, Қарағанды облысы – 6,2%, Шығыс Қазақстан – 5,9%. Соңғы тізгін бойынша: Ақмола облысы – 1,2%, Алматы – 1,4%, Маңғыстау – 1,4%, Қостанай – 1,5%, Қызылорда – 1,5%.

Республикада инновациялық стратегия негізінде, өңірлердің ішінде бәсекелестік қабілеті жоғары және экспортқа бейімделген секторларды анықтау арқылы, жалпы өңірлердің дамуына институционалды қолдау көрсету бүгін мемлекеттің негізгі мақсаты болып отыр. Жалпы айтқанда, ел экономикасын өрге сүйрейтін елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басты бағытының бірі – индустриалдық-инновациялық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізетіндігі ақиқат.

Индустриялық дамуға қатысты теориялық негіз болған өнеркәсіпті ұйымдастыру саласындағы зерттеулер болып табылады. Сонымен бірге, өнеркәсіпті ұйымдастыру теориясына зерттеушілер мен мемлекет басшылығы тарапынан ерекше көңіл бөлінді. Алайда экономикалық ұғым ретінде бәсекеге қабілеттіліктеп дербес қарастырылды.

Бәсеке мен бәсекеге қабілеттілік ұғымдарын өнеркәсіпті ұйымдастыру мәселелерімен байланыста классиктер А. Смит [5], А. Маршаллмен [8] және неоклассиктер Ф. Хайек [6], Э. Чемберлинмен [7] зерттелген. Дегенмен өнеркәсіптік даму және саясат ғылыми және әдістемелік тұрғыда индустриалды төңкеріс кезеңімен тұспа-тұс келген ХХ ғасырдың басында, неоклассиктердің ізін басқан келесі зерттеушілер – Дж. Бейн [26], В. Леонтьев [7], Дж. Стиглер [8], Ж. Тироль [9], Д. Хей мен Д. Морристің [10] еңбектерінде қалыптасты.

Аталған экономистердің анықтамаларына сәйкес, индустриалды қоғам – дамыған қоғамдардың табиғатын талдайтын және оларды өзге дәстүрлі қоғамдардан ерекше ететін түрленулерін жалпылайтын капиталистік қоғаммен қатар екі маңызды категорияның бірі болып табылады. «Индустриялық қоғам» ұғымын А. Сен-Симон теориялық негізін қалап енгізді.

Бұл бағытты О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм және басқалары дамытып, АҚШ және Батыс Еуропада ХХ ғасырдың 50-60 жж.

индустриалды қоғам теориясын кең таратты (Р. Дарендорф, Р. Арон, В. Росту, Д. Белл және басқалары).

Шетелдік ғалымдармен бірге, ТМД аумағында өнеркәсіптік саясатты технологиялық факторларымен бірге экономикалық өсудің негізі ретінде Л. Бляхман [11], М. Гохберт [12], Т. Долгопятова [13] және өзге де кеңестік дәуір ғалымдары қарастырды. Ал, отандық экономистердің ішінде А. Әлімбаев [13] өндірістік-ресурстық әлеуетті экономикалық даму факторы ретінде қолдану мәселесін, Р.З. Жалелева [5], Р.Б. Габдуллин [6] инновациялық индустрияландырудың факторлық-мақсатты тәсілін, Ф.М. Днишев [12].

Қазақстандағы өнеркәсіптік саясаттың дамуын, қарастырған. Бірқатар зерттеушілер – Р.К. Сагиева [13], У. Баймұратов, А. Тұрғұлова [14], Ф.М. Днишев [15] инновация мәселелерін және экономика салалары бойынша секторалды мәселелерді терең зерттеді.

Инновациялар теориясының негізін қалаушы ретінде экономикалық прогрестегі негізгі жаңалық енгізуші (новатор) деп кәсіпкерді тұжырымдаған Йозеф Шумпетер мойындалады.

Й. Шумпетер инновацияны өндіріс факторларының ғылыми-ұйымдастырушылық кәсіпкерлік рухпен ынталандырылған үйлесімі деп анықтаған. Инновацияның кәсіпкерлік қолданысының мысалы ретінде теміржол құрылысының, электр энергиясының өндірісінің, автомобиль шығарылымының бастауын көрсеткен болатын.

Нарықтық ортада индустриалды даму барысында жаңа бәсекелік жағдайлар пайда болады, бұл шарттар бәсекенің жалпы векторын салыстырмалы ұлттық артықшылықтарды қолданудан динамикалы түрде өзгертін бәсекелік артықшылықтарға өзгертіп отыр, бәсекелік артықшылықтар ғылыми-техникалық жетістіктерге, өндірістік циклдың барлық сатыларында инновацияның болуына негізделеді.

Елдегі салыстырмалы және бәсекелік артықшылықтардың интеграциясы ғаламдық экономикалық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді.

Қорытынды. Бәсекелік артықшылықтардың барлық жиынын шартты түрде үш топқа бөлуге болады: ресурстық – ерекше сапаға немесе мөлшерге ие ресурсқа ие болу (табиғи, еңбек, инвестициялық, т.б.); операционды – бар ресурстарды қолдану тиімділігі немесе деңгейлік сипат (инфрақұрылымдық, инвестициялық орта, ғылыми-техникалық, біліми, т.б. орта); стратегиялық – бәсекелік артықшылық субъектісін дамытудың анықталған стратегиясы мен осы стратегияның сапасы (бәсекелік орта, әлеуметтік-мәдени, инновациялық, ақпараттық, ғаламдық).

Экономикалық өсу және ел дамуының экономикалық тұрақтылығын бағалауды интенсивті зерттеу соңғы 25-30 жылда басталды. Бәсекеге қабілеттілік мәселесі әлемнің барлық елдеріне қатысты болып табылады, себебі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі сол елдің әлемдік экономикадағы орнын сипаттайтын көрсеткіш болып отыр. Сондықтан әлсіз экономикалы ел бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейіне ие бола алмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы
2. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов / пер. с англ. В. Афанасьева. – М.: «Эксмо», 2007. – 960 с.
3. Чемберлин Э. Теория монополистической конкуренции (Реориентация теории стоимости) / пер. с англ. Э. Г. Лейкина и Л. Я. Розовского. – М.: Экономика, 1996. – 351 с.
4. Marshall A. The economics of industry. – Электронная книга // http://books.google.ru/books/about/The_Economics_of_Industry_by_Alfred_M
5. Коуз Р. Фирма, рынок и право / пер. с англ. – М.: Новое издательство, 2007. – 224 с. // http://www.libedu.ru/1_b/kouz_ronald
6. Трофимова Т.С., Крайнов Г.Н. История и суть теории Леонтьева «затраты-выпуск» // IV Международная студенческая электронная научная конференция «Студенческий научный форум». – Чебоксары, Россия, 2012 // <http://www.rae.ru/forum2012/279/1845>
7. Довбенко М.В., Осик Ю.И. Современные экономические теории в трудах нобелиантов. Теория промышленной организации. – Научн. электр. библ. – Издательство Российской Академии Естествознания, 2011 // <http://www.monographies.ru/129-4220>
8. Тироль Ж. Рынки и рыночная власть: Теория организации промышленности / пер. с англ.; под ред. В.М. Гальперина и Л.С. Тарасевича. – СПб.: Экономическая школа, 1996. – 745 с. // <http://www.twirpx.com/file/765290/>
9. Хей Д., Моррис Д. Теория организации промышленности / пер. с англ.; под ред. А.Г. Слуцкого. – СПб.: Экономическая школа, 1999. – 384 с. // <http://seinst.ru/page241/>
10. Бляхман Л.С. Промышленная политика – основа перехода к новой модели экономического роста // Евразийский международный научно-аналитический журнал "Проблемы современной экономики". – № 1 (45), 2013. – с. 7-17 // <http://www.m-economy.ru/art.php?nArtId=4414>
11. Гохберга Л.М. Экономика знаний в терминах статистики: наука, технологии, инновации, информационное общество. – М.: Экономика, 2012.
12. Долгопятова Т. Изменение структуры собственности на предприятиях обрабатывающей промышленности (по данным мониторинга) // Вопросы экономики. – 2019. – № 12
13. Алимбаев А., Бекмаганбетов К. Динамическая модель оценки эффективности использования производственно-ресурсного потенциала регионального развития Республики Казахстан // Республиканская науч. – практ. конф. «Методы моделирования и информационные системы» посвящ. 30- летию образования КарГУ им. Е.А. Букетова. – КарГУ, 2018.
14. Жалелева Р.З. Факторно-целевое управление инновационной индустриализацией РК. – Алматы, 2018.
15. Габдуллин Р.Б. Факторно-целевой подход в реализации инновационной индустриализации экономики Казахстана // Актуальные проблемы экономики, № 7. – Киев, Украина, 2019.

В.К. Daulbaev¹, Doctor of Economics
Y.M. Zamanbek², undergraduate
^{1,2} Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

Problems of scientific improvement of innovative development in the economy of Kazakhstan

Abstract. The article deals with the theoretical problems of innovation, studied by many foreign and domestic scientists as the main factors in the dynamics of the economy. The author identifies the main stages in the development of the theory of innovation, characterizing the evolution of scientific thought in this area. The contribution of such famous scientists as n. Kondratiev, S. Kuznets, J. Schumpeter and others in the formation and development of the theory of innovation. The main measures of the state innovation policy aimed at increasing the competitiveness of the economy, creating an innovation climate in the country, developing innovations in the non-market sector of the economy, assisting in the training of human resources and providing the country with innovation infrastructure are identified. This article analyzes the investment attractiveness of the Republic of Kazakhstan, as well as the main aspects and factors of investment prospects. The problem of studying innovation involves the analysis of its basic concept and structure, its place in the history of economic doctrine, the mechanism and basic principles of the investment process. The necessity of forming a national innovation system, which is a set of economic entities and institutions that contribute to the creation and dissemination of innovations, and also form the basis for the formation and implementation, is noted.

Keywords: innovation, innovative development, state innovation policy, national innovation system, institutions, institutional environment.

В.К. Дауылбаев¹, доктор экономических наук
Е.М. Заманбек², магистрант

^{1,2} Алматинский Технологический Университет, г. Алматы, Казахстан

Проблемы научного совершенствования инновационного развития в экономике Казахстана

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические проблемы инноваций, исследованные многими зарубежными и отечественными учеными как основные факторы динамики экономики. Автором выделены основные этапы развития теории инноваций, характеризующие эволюцию направлений научной мысли в данной области. Особо отмечен вклад таких известных ученых, как н. Кондратьев, С. Кузнец, Й. Шумпетер и др. в становление и развитие теории инноваций. Определены основные меры государственной инновационной политики, направленные на повышение конкурентоспособности экономики, формирование инновационного климата в стране, развитие инноваций в нерыночном секторе экономики, содействие в подготовке кадрового потенциала и обеспечение страны инновационной инфраструктурой. В данной статье проанализирована инвестиционная привлекательность РК, а также основные аспекты и факторы инвестиционных перспектив. Проблема изучения инноваций предполагает анализ ее основного понятия и структуры, занимаемого места в истории экономического учения, механизма и основных принципов инвестиционного процесса. Отмечена необходимость формирования национальной инновационной системы, представляющей собой совокупность экономических субъектов и институтов, которые вносят вклад в создание и распространение инноваций, а также составляют основу формирования и реализации.

Ключевые слова: инновация, инновационное развитие, государственная инновационная политика, национальная инновационная система, институты, институциональная среда.

Н. Кенжебай¹, 2-курс «Қаржы» мамандығының студенті
Ж.С. Карабаева², экономика ғылымдарының магистрі
^{1, 2} әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, ӘЖБЖМ, «Қаржы және есеп» кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ САЛЫҚ ЖІКТЕМЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада салық салу жүйесінің ажырамас бір бөлігі салық жіктелімінің маңызы мен салық саясатына әсер ету жолдары туралы жазылған. Салық салудың кез-келген принципін қолдану байыпты ғылыми көзқарас пен талдауды қажет ететінін ескеру маңызды. Жалпы ғылыми қағидаттардың талаптарына, салық жүйелерін құру қағидаларына, республика экономикасының даму ерекшелігін көрсететін қағидаттарға сәйкес құрылған ұлттық салық жүйесі нарықтық қатынастарды дамытудың қозғаушы күшіне айналады. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардан салықтар алынады, олар республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістеріне түседі. «Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, принциптерінің, салық заңдары мен салыққа қатысты нормативті актілердің, салық қызметі органдарының жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрайды. Қазақстандық салық жүйесіне салық салу қағидаттарының жиынтығы классикалық, экономикалық-функционалдық және ұйымдық-құқықтық қағидаттардан тұрады. Уақыт ағымының әсеріне, заман талабына сай қабылданған Салық кодексінде келесідей мәселелерді шешуге басты назар аударылған.

Біріншіден, барлық шаруашылық субъектілеріне салықтандырудың тең жағдайын жасау. Екіншіден, кейбір жекелеген категориядағы салық төлеушілерге берілген жеңілдіктерді жою арқылы салық жүктелімін жеңілдету. Үшіншіден, салық заңдылығы жөніндегі барлық ережелер мен нормаларды тікелей қызмет ететін заң мөлшерінде біріктіру. Төртіншіден, салық заңдылығының тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Осыған сәйкес кез-келген мемлекетте салық салудың заманауи принциптері жасалады.

Түйінді сөздер: салық жүйесі, салық жіктелімі, салық жеңілдіктері, тиімді басқару жолдары, салық түрлері.

Кіріспе. Салықтар халыққа мемлекеттік аппарат арқылы барлық демократиялық қоғамдардың өмір сүруінің мәні болып табылатын әлеуметтік мақсаттарды жүзеге асыруға көмектеседі [1]. Сондықтан салықтардың дұрыс әрі сапалы жіктелуі азаматтардың өмір сүру, денсаулық, білім деңгейі және ұлттың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Басқаша айтқанда, өз кірістеріміздің бір бөлігін бюджетке бере отырып, біз өмір сүруге қолайлы орта құруға қатысамыз, ұлттық қауіпсіздікке, жол құрылысына, кедейлікпен күрес бағдарламаларына және білім беру

салаларына инвестиция саламыз. Мысалы кәсіпкерлердің салықтың арқасында бизнесті қолдау орталықтарында тегін кеңес алуға және әлеуметтік маңызы бар салалар үшін мемлекеттік субсидиялар алуға мүмкіндіктері туады. Сол себепті салықтың қандай түрлері бар, қайсысы қай бағытта жиналып-тарқалатынын білу – өте үлкен өзектілікті танытып отыр. Оған қоса, салықтарды дұрыс жіктей отырып қана мемлекет экономиканың дұрыс бағытта дамытуға, салық жүйесін оңтайландыруға және ел әл-ауқатын тиімді басқаруға жол ашады.

Сараптамалық бөлім. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардан салықтар алынады, олар республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістеріне түседі. Салықтар жіктелуіне мыналар жатады [2]: қосылған құн салығы; акциздер; корпоративтік табыс салығы; жеке табыс салығы; мүлік салығы; жер салығы; көлік құралдарына салынатын салық; әлеуметтік салық; арнайы салық режимі және жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары. Жіктемеге сәйкес Қазақстандағы салық реформасының ұзақ мерзімді мақсаты – өндірістік, ғылыми-техникалық және коммерциялық қызметтің барлық салаларындағы инвестициялық белсенділікті көтермелеуге бағытталған. Соңғы онжылдықтағы салық реформаларының әлемдік тәжірибесі табыс салығының мөлшерлемелерін және корпорациялардың, фирмалардың және кәсіпкерлердің салық салу көлемдерін төмендету саясаты, яғни салық төлеушілерге өз кірістеріне билік етуде көбірек еркіндік беру соңғы жылдары нарықтық экономикадағы инвестициялық белсенділіктің маңызды ынталандыруына айналғанын айқын көрсетіп отыр.

Жіктемені жеке-жеке бөліп қарастырар болсақ, қоршаған ортаны зиянды өндірістік қалдықтардан қорғауға бағытталған экологиялық салықтар деп аталатын жеке топты ерекше бөліп көрсету маңызды. Олардың қатарына мұнайға, бензинге, отынның басқа түрлеріне, автокөлік құралдарына қосымша акциздер, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін салықтар, зиянды шығарындылар үшін төлемдер және тағы да басқа көптеген салықтар кіреді. Сондықтан экологиялық салықтардан түсетін түсімдерді тиімді жіктеп бөлуді мынадай пропорцияда жүргізеді [3]: үштен бірі – жалпы мемлекеттік деңгей, үштен екісі – жергілікті деңгей. Қазақстанның салық жүйесінің моделін дамыту кезінде ұлттық шаруашылық құрылымының табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторларының мынадай ерекшеліктері де ескерілетінін атап өту керек: өндірісті аймақтық саралау, сондай-ақ табиғи және географиялық рентаны алу және қайта бөлу мәселелері; жеңілдікті салық мөлшерлемелері есебінен әлемдік деңгеймен салыстырғанда отын-энергетика ресурстарына ішкі бағаларды, көлік тарифтерін салыстырмалы түрде төмен деңгейде ұстап тұру қажеттілігі; жоғары технологиялық отандық өнімді өндіру және экспорттау үшін салықтық ынталандырудың арнайы жүйесін қалыптастыру қажеттілігі.

Қосылған құн салығына келсек, ҚҚС тауарларды өндіру және айналысы процесінде қосылған өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігінің бюджетке аударымдарын, сондай-ақ тауарлардың ел аумағына импорты кезіндегі аударымдарды білдіреді. Қазақстанда ҚҚС бойынша есепке тұрған немесе тұруға міндетті заңды

және жеке тұлғалар, сондай-ақ қызметін тұрақты ме-кеме арқылы жүзеге асыратын, салық салу объектілері бар республиканың бейре-зиденттері ҚҚС төлеушілер болып табылады. ҚҚС салынатын айналымның мөлше-рі сатылатын тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің құны негізінде анықталады. Күнтізбелік ай ҚҚС бойынша бюджетпен нақты есеп айырысу бойын-ша есепті кезең болып табылады. Егер ҚҚС бойынша тоқсан үшін орташа айлық төлемдер 1000 АЕК-тен кем болса, онда есепті кезең тоқсан болып табылады.

Акциздер акцизделетін тауарлардан алынатын жанама салық болып табылады және тауарларды өткізу құнына енгізіледі. Қазақстан аумағында өндірілген және республика аумағына импортталатын тауарларға акциздер салынады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, тауар өндіруші тауарларды экспортқа әкетуді растаған жағдайда экспортталатын акцизделетін тауарларға акциздер салынбайды. Акциздер салынатын объектілер: бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын бөлшек және көтерме саудада өткізу; тәркіленген және мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды және т.б. өткізу.

Нәтижелер мен талқылаулар. ҚР Ұлттық Банкінен басқа резидент заңды тұлғалар, сондай-ақ республиканың резидент емес заңды тұлғалары, олардың филиалдары, өкілдіктері және салық жылында салық салынатын кірісі бар өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері КТС төлеушілер болып табылады. Жиынтық жылдық табыс пен Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептелген салық салынатын табыс, төлем көзінен салық салынатын табыс және Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғаның таза табысы корпоративтік табыс салығын салу объектілері болып табылады. Ал салық салу объектілері бар Қазақстанның резидент және резидент емес жеке тұлғалары ЖТС (жеке табыс салығы) төлеушілері болып табылады. ЖТС салу объектілері: төлем көзінен салық салынатын кірістер; төлем көзінен салық салынбайтын табыстар.

Мүлік салығы салынатын объектілерге келсек, оларға: жеке тұлғаларда – олардың жеке пайдалануындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын тұрғын үй-жайлар, саяжай құрылыстары, гараждар, өзге де құрылыстар, ғимараттар, үй-жайлар; заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерде – амортизацияланатын активтер (бухгалтерлік есеп саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияға жататын активтер) жатады.

Жоғарыда аталған салық жіктемелерінің қатарына жер салығы да жатады. Меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар меншік құқығында, тұрақты пайдалануында немесе бастапқы өтеусіз уақытша пайдалануында жер учаскелері болған кезде жер салығын төлеуге міндетті. Бейрезидент заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері өздерінің жоғарыда көрсетілген құқықтарындағы жер учаскелері бойынша жер салығын дербес төлеушілер болып танылады. Жер салығы жер иеленушінің және жер

пайдаланушының шаруашылық және өзге де қызметінің нәтижелеріне байланысты болмайды және жыл сайын республиканың салық заңнамасында белгіленген жер учаскесінің алаңына салық ставкаларын қолдану жолымен есептеледі [4]. Жер салығын есептеу кезіндегі ерекшелік жер заңнамасында айқындалған жердің келесі санаттарына жер учаскелерінің тиесілігіне байланысты белгіленген салық ставкалары болып табылады: бір га есептегенде және топырақ сапасы бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық ставкалары сараланады.

Жалпы алғанда, ел экономикасы дамуының жаңа кезеңінде салық жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін, салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің жекелеген түрлерін, жіктемесін, сондай-ақ арнаулы салық режимін және жеңілдіктердің жекелеген түрлерін енгізудің тиімділігін бағалаудың объективті қажеттілігі туындап отқандығын да атап кету қажет. Сондықтан, салықтық әкімшілендірудің тиімділігін бағалау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы керек деп санаймыз: салық төлеушілерді есепке алу жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету; салық органдарында ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу сапасы мен нәтижелілігін бағалау; салықтардың, алымдар мен төлемдердің әрбір түрі бойынша салықтық әкімшілендіру тетігінің тиімділігін бақылау; инвестициялық салық преференцияларын беру тиімділігін бағалау; ҚҚС нөлдік ставкасын пайдалану тиімділігін бақылау; жекелеген салық түрлері бойынша салық жеңілдіктерін беру нәтижелерін бағалау және тексерулердің тиімділігін бақылау.

Ұлттық экономикалардың қазіргі заманғы ашықтығын және тауарлар мен капиталдардың әлемдік нарықта еркін қозғалуын назарға ала отырып, Қазақстанның салық жүйесінің даму перспективаларын әріптес мемлекеттердегі салық ахуалының жай-күйімен өзара байланыссыз, әлемдік салық тәжірибесін пайдаланбай және шет елдерде салық реформаларын жүзеге асырудың перс-пективалық үрдістерін бағалаусыз қарауға болмайды. Сондықтан салық жіктемесін жетілдіру үдерісі кезінде шетел тәжірибесіне жиі үңілу қажеттігін айта кету керек.

Қорытынды. Қорытындай келе, мемлекеттік салық саясатының басым міндеттерінің теңгерімділігі қағидатын негізге ала отырып, мынадай ережелерді қамтитын қазақстандық экономика үшін тиімді салық жүйесінің моделін құрудың және салықтардың жіктемесін оңтайландыратын негізгі тәсілдерін айқындауға болады. Біріншіден, бұл корпорациялардың, кәсіпкерлердің және жеке тұлғалардың инвестициялық белсенділігін ынталандырудың салықтық әдістері жүйесін қалыптастыру және дәйекті дамыту. Екіншіден, ынталандырылған инвестициялардың тізімі – ғылыми-өндірістік циклдің барлық кезеңдерінде және өндірісті дамытуға салынған инвестициялардан бастап іргелі зерттеулерді қаржыландыруға салықтық ынталандырудың әртүрлі нысандарына, шағын және орта бизнестің әртүрлі формаларына дейін қамтылуы керек. Үшіншіден, ел экономикасы дамуының жаңа кезеңінде салық жүйесінің, салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да салықтардың жекелеген түрлерінің жұмыс істеу тиімділігін бағалайтын объективті орта қалыптастыру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зейнельгабдин А.Б. Финансовая система Казахстана: становление и развитие: монография. Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2018. – С. 46.
2. Қаржы-экономика сөздігі. – Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. ISBN 978-601-215-003-2.
3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) // Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.
4. Канатов С.С. Налоги и сборы Республики Казахстан // Сілтеме: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1037946&pos=388;40#pos=388;-40.
5. Нурумов А.А., Бекболсынова А.С. Налоги и налогообложение: Учебник. Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2019. – С. 44.

Н. Кенжебай¹, студент 2 курса специальности «Финансы»

Ж.С. Карабаева², магистр экономических наук

^{1,2} Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, ВШЭБ,
кафедра «Финансы и учет», г. Алматы, Казахстан

Значение налоговой классификации в налоговой системе

Аннотация. В этой статье рассказывается о значении налоговой классификации и способах влияния на налоговую политику как неотъемлемой части системы налогообложения. Важно учитывать, что применение любого принципа налогообложения требует серьезного научного подхода и анализа. Движущей силой развития рыночных отношений становится Национальная налоговая система, созданная в соответствии с требованиями общенаучных принципов, правил построения налоговых систем, принципов, отражающих специфику развития экономики республики. В соответствии с Налоговым кодексом Республики Казахстан с физических и юридических лиц взимаются налоги, которые поступают в доходы республиканского и местных бюджетов. С понятием «налог «тесно связано понятие» налоговая система». Совокупность налогов и других видов обязательных платежей в бюджет, форм и методов его создания и взимания, принципов, налоговых законов и нормативных актов, касающихся налогов, органов налоговой службы, взимаемых в государстве, составляет налоговую систему государства. Совокупность принципов налогообложения Казахстанской налоговой системы состоит из классического, экономико-функционального и организационно-правового принципов. Основное внимание уделено влиянию течения времени, принятому в соответствии с требованиями времени Налоговому кодексу на решение следующих вопросов.

Во-первых, создание равных условий налогообложения для всех хозяйствующих субъектов. Во-вторых, облегчить налоговую нагрузку путем отмены льгот, предоставляемых некоторым отдельным категориям налогоплательщиков. В-третьих, объединение всех правил и норм по налоговой законности в размере непосредственно действующего закона. в-третьих, необходимо обеспечить стабильность налогового законодательства. В соответствии с этим в любом государстве разрабатываются современные принципы налогообложения.

Ключевые слова: налоговая система, налоговая классификация, налоговые льготы, пути эффективного управления, виды налогов.

N. Kenzhebai¹, 2nd year student of the specialty "Finance"

Zh.S. Karabaeva², c.e.s. scientific supervisor

^{1, 2} al-Farabi Kazakh National University, HSEB, Department of "Finance and accounting", Almaty, Kazakhstan

The value of tax classification in the tax system

Abstract. This article describes the importance of tax classification and ways to influence tax policy as an integral part of the taxation system. It is important to take into account that the application of any principle of taxation requires a serious scientific approach and analysis. The driving force behind the development of market relations is the National Tax System, created in accordance with the requirements of general scientific principles, rules for building tax systems, principles reflecting the specifics of the development of the republic's economy. In accordance with the Tax Code of the Republic of Kazakhstan, taxes are levied from individuals and legal entities, which go to the revenues of the republican and local budgets. The concept of "tax" is closely related to the concept of "tax system". The totality of taxes and other types of mandatory payments to the budget, forms and methods of its creation and collection, principles, tax laws and regulations concerning taxes, tax service bodies levied in the state, constitutes the tax system of the state. The set of principles of taxation of the Kazakh tax system consists of classical, economic-functional and organizational-legal principles. The main attention is paid to the influence of the passage of time, adopted in accordance with the requirements of the time of the Tax Code on the solution of the following issues.

Firstly, the creation of equal taxation conditions for all economic entities. Secondly, to ease the tax burden by canceling the benefits provided to some individual categories of taxpayers. Thirdly, the unification of all rules and regulations on tax legality in the amount of the directly applicable law. thirdly, it is necessary to ensure the stability of tax legislation. In accordance with this, modern principles of taxation are being developed in any state.

Keywords: tax system, tax classification, tax benefits, ways of effective management, types of taxes.

МРНТИ 06.81.85
УДК 338.246

О.Г. Череп¹, доктор экономических наук, профессор,
А.В. Горбунова², кандидат экономических наук, доцент,
В.З. Бугай³, кандидат экономических наук,
старший научный сотрудник

А.В. Череп⁴, доктор экономических наук, профессор,
^{1, 2, 3, 4} Запорожский Национальный Университет, г. Киев, Украина

СИСТЕМА АНТИКРИЗИСНОГО УПРАВЛЕНИЯ КАК ОСНОВА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЗАЩИЩЕННОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация. Установлено, что одним из основных направлений обеспечения экономического роста субъектов хозяйствования является экономический рост устойчивости и совершенствование системы его экономической защищенности, т.е. их способность минимизировать внешнее и внутреннее влияние угроз на финансово-экономическую деятельность предприятия и создание условий для эффективного управления. Обосновано, что основой экономической защищенности предприятия является антикризисное управление, базирующееся на системе специальных методов и приемов управления финансами. Исследована целесообразность базирования антикризисного управления на анализе микро- и макросреды, выявлении механизма формирования и развития кризисных ситуаций, разработка стратегии и тактики антикризисного управления предприятием с целью его защищенности. Предложена модель антикризисного управления предприятием, предусматривающая стратегические, тактические и оперативные аспекты.

Ключевые слова: защищенность предприятия, антикризисное управление, угроза, безопасность, финансовый кризис, диагностика кризиса.

Введение. Развитие украинских предприятий происходит под действием ряда объективных факторов, включая нестабильность внешней и внутренней среды, наличие обстоятельств, которые препятствуют достижению стратегических целей, реализации экономических интересов предприятия, используя свои конкурентные преимущества в условиях рынка. Исследования показывают, что одним из определяющих тенденций экономического роста, стабильности и формирования потенциала для эффективного управления предприятием является совершенствование экономической безопасности.

Мы поддерживаем точку зрения ученой И.Б. Хомы, которая считает, что экономическая безопасность предприятия, – это экономическая категория, которая характеризует на определенном субъекте хозяйствования определенное экономическое явление или свойство, основой которого является степень отсутствия негативных последствий угроз (или дестабилизирующих факторов) внутренней и внешней среды на его основные финансовые и экономические результаты в контексте операционной, финансовой и инвестиционной деятельности. Это способность субъекта хозяйствования минимизировать внешнее и внутреннее влияние угроз на сохранение баланса между его экономическими свойствами, через которые достигается его стабильное нормальное функционирование [1]. Обеспечить эту способность можно при помощи организации и эффективного проведения антикризисного управления.

Экспериментальная часть. Анализ свидетельствует, что исследователи по-разному трактуют сущность экономической категории «антикризисное управление». Мы считаем, что наиболее презентабельным является следующее: специальное, постоянно организованное управление, направленное на оперативное выявление признаков кризисной ситуации и создание надлежащих условий для ее своевременное преодоление для обеспечения восстановления жизнеспособности отдельного предприятия, недопущение возникновения ситуаций его банкротства [2; 3; 4; 5].

Соглашаясь с мнением ученых, мы считаем, что основой антикризисного управления, а, следовательно, и улучшения экономической безопасности предприятия, должна быть система специальных методов и приёмов управления финансами, которая основана на анализе его делового и финансового состояния, и которая позволит выявить сигналы приближения кризисных явлений, с тем, чтобы разработать соответствующие меры предосторожности.

Ученые [2; 3; 4] считают, что финансовый кризис субъекта хозяйствования несет наибольшую угрозу для его функционирования и развития. В этой связи в современных условиях все более актуальными становятся исследования финансового кризиса: причин, форм протекания, возможностей предотвращения и управления финансово-экономической деятельностью в этих трудных условиях.

В источнике [6] развитие финансового кризиса рассматривается как результат взаимного действия трех основных факторов: плохое руководство; отсутствие контроля; несбалансированность в действиях (рис. 1).

Первичным внутренним фактором, который является основной причиной развития кризиса, британские эксперты считают плохое управление, а именно: властный состав менеджеров; недостаточные знания руководства; несбалансированная административная команда; команда, которая плохо работает; отсутствие стратегического подхода; слабая дисциплина; аморальность и отсутствие энтузиазма.

Плохое руководство усиливает действие такого фактора кризиса как недостаточный контроль, а именно: отсутствие планирования и необоснованное принятие решений; недостаточный финансовый контроль; отсутствие маркетинговых усилий.




Рисунок 1 – Основные внутренние факторы, которые генерируют финансовый кризис на предприятии

Примечание – составлено по источнику [6]

Недостаточный контроль вызывает включение в процесс развития кризиса третьего фактора – несбалансированности в действиях (дефицит собственного капитала, чрезмерная зависимость от кредитов, высокий уровень затрат на единицу оборота, неэффективная структура расходов, осуществление крупных инвестиционных проектов и т.д.).

Современная система взглядов на антикризисное управление, как инструмент безопасности компаний, сформировалась под воздействием объективных изменений в мировом общественном развитии. В центре современных взглядов на эти процессы стоит проблема гибкости и адаптации к постоянным изменениям внешней среды, которая диктует руководству предприятий разработку соответствующей стратегии. Антикризисное управление должно иметь свою специфику, которая связана со значительными изменениями в условиях деятельности субъектов хозяйствования, а также с непредсказуемостью окружающей среды и ее неопределенностью.

Таким образом, можно утверждать, что каждая компания должна организовать систему антикризисного управления, которая должна быть инструментом для их защиты от неблагоприятного влияния внешних и внутренних дестабилизирующих факторов.

Исследования показывают, что антикризисное управление должно основываться на анализе состояния макро- и микросреды, изучении экономического механизма возникновения кризисных ситуаций и создании системы для сканирования внешней и внутренней среды, в целях раннего выявления «слабых сигналов» об угрозе приближающегося кризиса, разработки стратегии и тактики управления предприятием.

Мы считаем, что модель антикризисного управления предусматривает стратегические, тактические и оперативные аспекты (рис. 2).




Рисунок 2 – Модель антикризисного управления предприятием направление изменений в рыночных условиях, а не их количественное измерение

Выбор миссии предприятия – первоначальный и наиболее важный этап стратегии антикризисного управления. Миссия предприятия создает основу для развития концепции относительных возможностей реализации целей и поиска направления их реализации. При этом основополагающим является мотивация, лежащая в основе бизнеса. Исследования свидетельствуют, что для этого ученые предлагают различные подходы [7]:

1. Прибыльная мотивация. Предприятия, функционирующие в условиях конкуренции, склонны к максимизации прибыли в краткосрочном периоде. Другой тип поведения, характерен для предприятий, где ожидается прибыль, достаточная для удовлетворения акционеров и обеспечения необходимых темпов пополнения собственного капитала. Прибыльная ориентация является приемлемой в таких случаях, когда: конкурентные силы достаточно сильны; в конкурентной борьбе участвуют много предприятий и поведение каждого является неопределенным; влияние на цены, выпуск и затраты со стороны изменений на рынке можно объяснить или предусмотреть; известно только

2. Рациональное поведение. Корпоративное управление должно поддерживать баланс между интересами акционеров, которые хотят получать высокие дивиденды, требованиями персонала высокой заработной платы и большей экономической защиты, давлением от пользователей (которые хотят обычно ниже цены и лучшее качество продукции), требованиями со стороны поставщиков (относительно безопасных условий для приобретения ресурсов), желанием общества жить в чистой окружающей среде, в условиях экономической и другой безопасности. Таким образом, требования со стороны конкурирующих интересов идут в разрез с требованиями максимизации прибыли. То есть рациональное поведение выступает чаще как правило, чем как цель.

3. Максимизация доходов. Появление этого мотива связано с тем, что рост доходов является ключевым критерием функционирования бизнеса. Доход от продажи характеризует отношение потребителей к продукции и ее конкурентоспособность на рынке, а рост доходов является признаком жизнеспособности бизнеса.

4. Долгосрочный рост и диверсификация. Рост предприятия (рост продаж, расширения производства, рост прибыли) является хорошей защитой от непредвиденных проблем в его деятельности и во внешней среде. Компания может получить большую свободу для маневра и значительное влияние на отраслевые решения. Рост за счет диверсификации освобождает компанию от зависимости своего одного или ограниченного числа продуктов. Диверсификация деятельности может дать компании шанс не только выжить, но и для повысить эффективность своей деятельности [7].

Исследование мотивации предпринимательской деятельности показывает, что максимальная продолжительность периода бескризисного состояния предприятия обеспечивается формированием эффективного менеджмента, который создает условия для достижения роста устойчивой прибыли в размере достаточном для постоянного расширения стратегического потенциала компании и уровня его конкурентного преимущества. При этом бескризисное состояние предприятия обеспечивается выбором такой миссии, которая наилучшим образом соответствует требованиям

макро- и микросреды, которые формируются ими ограничениями и условиями экономической деятельности. Неадекватная оценка последствий этих ограничений и условий создает предпосылки для возникновения кризиса и банкротства предприятия. Это чрезвычайно важное значение с точки зрения обеспечения долгосрочной перспективы существования бескризисного существования предприятия – это фактор адекватности инвестирования выдвинутым требованиям. Предприятие должно оценивать объем капитала, который требуется, и определить типы финансирования с точки зрения стоимости капитала, которая изменяется вместе с инвестициями в капитал.

Следует отметить, что важным инструментом стратегического антикризисного управления является стратегический контроллинг, целью которого является создание такой системы контроля, которая позволила бы отслеживать движение предприятия к определенной стратегической цели своего развития. При этом необходимо определить сферы контроля, а именно: стратегические количественные и качественные цели; «критические» внешние и внутренние условия, которые являются основой для стратегических планов; «узкие» и слабые места на стратегически важных участках.

Таким образом, в основе стратегического антикризисного управления предприятием находится достижение устойчивого роста прибыли в требуемых размерах, адаптация предприятия к особенностям влияния на него внешних и внутренних факторов, условиям формирования капитала и внедрения стратегического контроллинга.

Результаты и обсуждения. В основе тактического антикризисного управления находится диагностика финансового состояния и устойчивости функционирования предприятия, которая включает в себя два основных этапа: экспресс-диагностику и фундаментальную диагностику.

Основными задачами первого этапа диагностики являются:

- на основе «слабых сигналов» осуществляется предварительная оценка цикла кругооборота капитала на предприятии как в определенный момент времени (статическая), так и определенный период времени (динамическая);
- осуществляется оценка направления изменения финансовой «болезни» предприятия; окончательно обобщаются результаты оценки финансового состояния (финансового «здоровья») предприятия.

На этапе фундаментальной диагностики достигаются следующих цели:

- оценивается размер нарушения пропорций в фазах цикла кругооборота капитала на предприятии, которое подлежит углубленному исследованию;
- выявляются причины нарушения пропорций в фазах цикла кругооборота капитала, динамика изменений их влияния на ход финансовой «болезни» предприятия [8].

Основной целью оперативного антикризисного управления является постоянное отслеживание, контроль и устранения симптомов кризисного состояния финансово-хозяйственной деятельности для поддержания платежеспособности предприятия на соответствующем уровне. Для реализации указанной цели, как мы считаем, необходимо наладить управление

ликвидностью предприятия. При этом внимание руководству предприятия следует сосредоточить на увеличении входящих и уменьшении выходящих денежных потоков.

Важным показателем, который обеспечивает возможность управления денежными потоками, являются текущие финансовые потребности, которые рассчитываются как разница между суммой текущих активов и суммой кредиторской задолженности. Текущие финансовые потребности оказывают непосредственное влияние на платежеспособность предприятия, так как характеризуют его потребность в дополнительных источниках финансирования. В этой связи важное значение имеет выявление и анализ основных факторов, влияющих на формирование величины текущих финансовых потребностей. Это такие как темпы инфляции, состояние рыночной конъюнктуры, длительность производственного и сбытового циклов, темпы роста производства, величина нормы предельного дохода, величина маржинального дохода, эффективность управления дебиторской и кредиторской задолженностью, безубыточностью операционной деятельности предприятия и т.д.

Большое практическое значение для финансирования оборотных средств имеет объем и соотношение собственных оборотных средств и текущих финансовых потребностей предприятия. Чтобы избежать нехватки наличных средств, должно соблюдаться такое условие: сумма собственных оборотных средств должна превышать сумму текущих финансовых потребностей.

Следует обратить внимание, что обязательным компонентом оперативного антикризисного управления является оперативный контроллинг, целью которого является создание системы управления достижением текущих целей предприятия, а также своевременное принятие мер для оптимизации соотношения «затраты/результаты». Система оперативного контроллинга может применяться в области чрезвычайных операционных решений по недопущению кризисного состояния.

деятельность крупных предприятий, наносящих ущерб окружающей среде и здоровью населения в районах их воздействия. Если ранее процедура экологического аудита применялась крайне редко, только в отдельных случаях, то после введения в действие Экологического Кодекса в 2007 г. практика проведения экологического аудита (обязательного и инициативного) стала более распространенной. По оценкам специалистов, ежегодно проходят сотни экологических аудитов, как инициированных контролирующими органами, так и самими предприятиями.

В то же время, текущая деятельность многих экологических аудиторских организаций (экологических аудиторов) и аудируемых субъектов не в полной мере соответствует требованиям Экологического Кодекса РК. В частности, при проведении экологического аудита стороны не руководствуются типовой формой плана проведения экологического аудита, утвержденной Палатой экологических аудиторов. Уполномоченным органом в области охраны окружающей среды выданы десятки лицензий экологическим компаниям на право проведения экологического аудита, однако требование об обязательном членстве в Палате экологических аудиторов во многих случаях не выполняется, что в дальнейшем может привести к отмене полученных результатов аудита [5].

Сравнивая систему экологического аудита Республики Казахстан с системами таких развитых зарубежных стран как США, Великобритания и Канада, первое, на что стоит обратить внимание – время развития сферы экологического учета и аудита, так например, в Казахстане получает свое распространение с 1997 года, тогда как за рубежом развитие сферы экологического учета и аудита пришлось на 70-ые, в 90-х годах уже были сформированы международные схемы и стандарты, которые явились основой экологической деятельности в множестве стран, в том числе и в Республике Казахстан. Их широкое распространение было связано с повышением требований природоохранного законодательства, невыполнение которых могло стать причиной значительных финансовых санкций для производственных структур и связанных с ними кредитных и страховых организаций. Поэтому возникновение экологического аудита объяснялось необходимостью защиты интересов предприятий.

Первым официальным документом в сфере экологического аудита стал британский стандарт BS 7750, выпущенный в 1992 году, который создавался как рекомендации, полезные для создания эффективной системы экологического менеджмента, развития инициативного экологического аудирования, что должно сказаться на улучшении экологических характеристик деятельности организации в целом.

Стандарт BS 7750 предполагает следующие стадии разработки и внедрения системы экологического менеджмента [6]:

1. Предварительный обзор ситуации. Необходимо определить все экологические нормативные требования, предъявляемые к деятельности предприятия, и установить, какие элементы экологического менеджмента уже практически используются на данном объекте.

2. Разработка заявления об экологической политике, которое бы охватывало все аспекты деятельности и продукцию предприятия и было разъяснено и принято к исполнению всеми уполномоченными сторонами (подразделениями, лицами).

3. Определение структуры распределения обязанностей и ответственности в системе экологического менеджмента.

4. Оценка степени воздействия предприятия на окружающую среду. Необходимо составить перечень установленных нормативов, характеристик выбросов в атмосферу, сбросов в водные объекты, размещения отходов, а также описание аспектов воздействия на окружающую среду предприятий-поставщиков.

5. Разработка экологических целей и задач предприятия.

6. Определение тех стадий производства, процессов и видов деятельности, реализованных на предприятии, которые могут оказать воздействие на окружающую среду, и разработка системы контроля их функционирования.

7. Разработка программы экологического менеджмента, назначение ответственного за ее выполнение старшего менеджера. Программа должна быть составлена таким образом, чтобы учитывались не только нынешние, но и все прошлые виды деятельности предприятия, а также вероятное воздействие на окружающую среду жизненного цикла новых видов продукции.

8. Разработка и выпуск детального руководства, которое позволяло бы аудитору системы экологического менеджмента определить, что система функционирует, и учитывает все значимые аспекты воздействия предприятия на окружающую среду.

9. Установление системы регистрации всех экологически значимых событий, видов деятельности и т.п., например, записи случаев нарушения требований экологической политики, описания предпринятых для улучшения ситуации мер, отчетов по итогам инспекции и текущего контроля.

10. Аудиты. BS 7750 включает описание процедуры аудирования и детализирует требования к аудиторскому плану. Вне зависимости от этого, аккредитующая организация может предпринять внешнюю проверку итогов внутреннего аудирования (в BS 7750 под аудированием понимается систематическая оценка, предпринимаемая с тем, чтобы определить, согласуется ли функционирование системы экологического менеджмента с запланированными целями, задачами, структурой и т.п., является ли внедренная ли система экологического менеджмента эффективной и отвечающей требованиям экологической политики предприятия. BS 7750 был принят Финляндией, Нидерландами и Швецией. Франция, Ирландия и Испания разработали свои стандарты. Австрия предпочла ждать опубликования международных требований к системам экологического менеджмента.

На основе данного стандарта BS 7750 в 1993 году были созданы схемы экологического менеджмента и аудирования (Eco-management and auditscheme, или EMAS). Главной особенностью данных схем явилось предоставление населению экологической информации, таким образом предполагалось появление дополнительной мотивации у руководства организаций – позиционирование себя как компаний, заботящихся об окружающей среде. Цикл схемы экологического менеджмента в соответствии с требованиями EMAS включает пять основных компонентов:

1) разработку экологической политики и выпуск документа (заявления), сообщающего о приверженности предприятия к достижению конкретных экологически значимых целей путем решения определенных задач;

2) оценку существующей ситуации, т.е. установление начальных характеристик деятельности, по отношению к которым будет оцениваться эффективность функционирования схемы экологического менеджмента;

3) формулирование конкретных задач (т.е. перечня тех характеристик деятельности, которые подлежат улучшению), отвечающих целям экологической политики предприятия;

4) подготовку экологической программы, детализирующей пути и стадии решения поставленных задач;

5) проведение экологических аудитов с тем, чтобы периодически проверять, решаются ли поставленные предприятием задачи и ведет ли функционирование схемы экологического менеджмента к улучшению экологических показателей его деятельности.

Однако BS 7750 схемы EMAS не являлись официальными, утвержденными стандартами. Таким документом явился международный стандарт серии ISO (International Standard Organization). Международной организацией по стандартизации (International Organization for Standardization) была создана Группа стратегического планирования по окружающей среде (Strategic Advisory Group on the Environment), которая подготовила обоснование целесообразности работ по стандартизации в области экологического менеджмента, а в 1993 г. ISO был создан Технический комитет 207 «Экологический менеджмент». В результате работы ИСО/ТК 207 на основе BS 7750 был разработан и в 1996 г. принят первый международный стандарт СЭМ – ISO 14001:1996.

Одновременно завершилась работа комитета над рядом вспомогательных стандартов серии 14000: общим руководством по СЭМ в соответствии с ISO 14001 и стандартами, посвященными вопросам аудита СЭМ. Международные стандарты серии ISO 14000 можно условно разделить на три основные группы:

1) стандарты, раскрывающие принципы создания и использования систем экологического менеджмента;

2) стандарты, описывающие инструменты экологического контроля и оценки;

3) стандарты, содержащие рекомендации, ориентированные на продукцию.

Сами по себе стандарты ISO – не просто формальность. В частности, сертифицированная СЭМ позволяет: меньше нарушать природоохранное законодательство, поскольку ISO 9001, 14001 строже подходят к его соблюдению; снижать риск аварий и происшествий; меньше воздействовать на окружающую среду, поскольку система ISO строго регламентирует в том числе эту область; рациональнее использовать естественные ресурсы и за счет этого экономить их без потерь; сокращать отходы производства согласно тому, как это рекомендует делать система ИСО; делать внутренний менеджмент эффективнее, систематизируя и документируя процедуры по охране окружающей среды.

На настоящее время на ISO 14001 перешли такие казахстанские компании как АО «НК «КТЖ», Атырауский Нефтеперерабатывающий завод, «ENRC Logistics», «Alshin West», «Frontline Safety», «TC Company», «Jeticy 2012», «Express Global Story LTD», «Secure Inform», «Holster», «Resource Management Service» и пр.

Результаты и обсуждения. Развитие экологического аудита в разных странах имело свои особенности, это мы можем заметить по вышеупомянутой хронологии становления экологического менеджмента. В то время как в Республике Казахстан только формировалось понятие экологического аудита, за рубежом уже были сформулированы и успешно внедрены международные стандарты. Это послужило причиной того, что компании Республики Казахстан, в попытках идти в ногу с развитыми странами, не задумывались о фундаментальности проблемы и упускали многие моменты. Самым важным из которых, по нашему мнению, является изначальное упущение при открытии организаций проблем загрязнения окружающей среды. В связи с чем отсутствуют специализированные инстанции и регуляторы, а также персонал, ответственный за формирование экологических стратегий и путей решения. Казахстанские компании прибегают к сторонним организациям и более компетентным компаниям, которые проводят экологический подробный аудит и составляют экологический отчет. То есть, к вопросам экологизации бизнеса не относятся фундаментально, как это делается в ряде зарубежных стран. В зарубежных странах экологический аудит является лишь частью экологического менеджмента и внедряется, и практикуется он по всем критериям, что указаны в международных стандартах, ежегодно группой менеджеров ставятся цели и задачи, направленные на эффективное использование внутренних ресурсов компании. По окончании периода проводится проверка и составляется новый план действий. Руководства предприятий сами заинтересованы в улучшении показателей, так как получают поддержку от государства, инвесторов и населения. По этой же причине экологические отчеты крупных корпораций публикуются в открытый доступ.

В Казахстане к международным стандартам ISO 14001 на данный момент прибегают лишь те компании, которые заинтересованы в зарубежном сотрудничестве. По нашему мнению, это огромное допущение, что отечественные компании не заинтересованы в экологизации бизнеса и не задумываются об экологическом состоянии региона и страны, а также руководствуются лишь финансовыми результатами.

Заключение. Таким образом мы подробно рассмотрели становление экологического аудита в Республике Казахстан, США и Великобритании, представив данные в хронологическом порядке. Рассмотрели и подробно разобрали критерии необходимые при переходе к международным стандартам ISO 14001, BS 7750, EMAS. Выявили основные проблемы, возникающие в казахстанских компаниях при проведении экологического аудита и причины столь неэффективного ведения экологического менеджмента. Решением данных проблем на данный момент может стать:

1. Внедрение экологического менеджмента на предприятии с нуля согласно международным стандартам и зарубежному опыту.
2. Формирование в компаниях специализированных отделов работающих непосредственно с экологической составляющей организации.

3. Выпуск экологических отчетов в открытый доступ.
4. Трансляции новых стандартов на клиентов, контрагентов и партнёров для дальнейшего укрепления экологических миссий.

Данные пункты помогут компаниям стать более привлекательными в глазах зарубежных инвесторов, а также укрепить свои позиции и на отечественном рынке. Кроме того, соблюдая 14001 проще получить заметное преимущество в тендерах, конкурсах и государственных заказах.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Пути реализации пунктов стандарта ИСО 14001 в Казахстане //www.cfin.ru
2. Внедрение экологического аудита в деятельность института внешнего финансового контроля Казахстана //www.esep.kz
3. Алиев А.А. Развитие экологического аудита в Республике Казахстан// be5.biz
4. Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы //www.kazembassy.by
5. Байсеитов М.А. Экологический аудит в Республике Казахстан// ecosourier.kz
6. Стандарты систем экологического менеджмента BS 7750 // ekolog.org
7. Чистов И.В., Григорьев А.В. Обоснование необходимости использования процедур экологического аудита в хозяйственной деятельности //www.naukaxxi.ru

К.Ш. Шавкатова, магистрант

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

Халықаралық тәжірибе негізіндегі Қазақстан Республикасының экологиялық аудиттің салыстырмалық сипаттамасы

Түйіндеме. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы экологиялық аудиттің қалыптасуы қарастырылады, сонымен қатар АҚШ, Ұлыбритания сияқты елдердің мысалдарын пайдалана отырып, экологиялық аудитті дамытудың халықаралық тәжірибесіне салыстырмалы сипаттама беріледі. Экологиялық аудиттің дамуы хронологиялық ретпен берілген. Кәсіпорындарда экологиялық менеджментті енгізу бойынша халықаралық стандарттардың, схемалардың және ұсыныстардың әртүрлі түрлерін қолдану егжей-тегжейлі ашылды, қоршаған ортаны қорғауды басқарудың құрамдас бөліктері, оны жүзеге асыру схемалары мен құрылымдары сипатталады. Бірыңғай халықаралық стандарттарды қолданудың маңыздылығы атап өтілді, BS 7750, EMAS, ISO 1400 сияқты стандарттарға ерекше назар аударылады. Өз қызметінде осы халықаралық стандарттарды басшылыққа алатын қазақстандық компаниялардың мысалдары

келтірілген. Мұндай стандарттауды қолданудың артықшылықтары сипатталған. Салыстырмалы сипаттамалар барысында қоршаған ортаны басқарудың тиімсіз жүргізілу себептері және оның нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы экологиялық аудит анықталды. Сондай-ақ осы мәселелерді шешудің нұсқалары ұсынылды. Мақала кіріспеден, негізгі эксперименттік бөлімнен, нәтижелер мен талқылаулардан, қорытындыдан, библиографиядан тұрады.

Түйінді сөздер: экологиялық аудит, экологиялық менеджмент, халықаралық экологиялық менеджмент стандарттары, BS 7750, EMAS, ISO 1400.

K.S. Shavkatova, undergraduate
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Comparative characteristics of environmental audit of the Republic of Kazakhstan based on international experience

Abstract. This article examines the formation of environmental audit in the Republic of Kazakhstan, and also provides a comparative description of international experience in the development of environmental audit using the examples of countries such as the United States and Great Britain. The development of environmental auditing is presented in chronological order. The application of various types of international standards, schemes and recommendations for the introduction of environmental management at enterprises is revealed in more detail, the components of environmental management, schemes and structures for its implementation are described. The importance of applying uniform international standards is noted, special attention is paid to such standards as BS 7750, EMAS, ISO 1400. Examples of Kazakhstani companies are given that are guided by these international standards in their activities. The advantages of applying such standardization are described. In the course of the comparative characteristics, the reasons for the ineffective conduct of environmental management, and as a result of which the environmental audit in the Republic of Kazakhstan, were identified. And also suggested options for solving these problems. The article consists of an introduction, a main experimental part, results and discussions, a conclusion, and a bibliography.

Keywords: environmental audit, environmental management, international environmental management standards, BS 7750, EMAS, ISO 1400.

А.К. Низамдинова¹, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

М.Б. Ниязбек², магистрант

^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТИҢ САУДАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Түйіндеме. Сауда экономиканың жетекші салаларының бірі болып табылады. Елдің экономикалық қызметінде сауда кәсіпорындары саны бойынша алғашқы орындардың бірінде екені сөзсіз. Бөлшек тауар саудасы жалпы сауда кәсіпорындарының анықтайтын қуатының көрсеткіштерінің бірі ретінде әрекет етеді, өйткені оның мәні бойынша кәсіпорынның қызмет көлемін бағалауға болады, ол кәсіпорын ресурстарын пайдалану тиімділігі мен тауарларды сатуға жұмсалған жалпы шығындарды сипаттайды. Бөлшек сауда айналымы маңызды ұлттық экономикалық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сол үшін де ол ел өмірінде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік-экономикалық процестерді ажыратады.

Тауар айналымы саласында бөлшек сауда айналымы сауданың басқа көрсеткіштеріне, атап айтқанда тауарлық қорларға және олардың саудадағы еңбек айналымына және т.б. әсер етеді. Бөлшек сауда айналымын талдау деңгейі мен сапасы мынадай маңызды шарттармен айқындалады: басқарудың барлық деңгейлеріндегі ұйым басшылығының құзыреттілігімен; функционалдық бөлімшелерде жұмыс істейтін мамандардың біліктілігімен; ақпараттық базаның болуымен және компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуімен. Сапалы жүргізілген талдау еңбек құралдарын пайдаланудағы «қиындықтарды» көрсетуге мүмкіндік береді, ал алынған нәтижелерді объективті және барабар бағалау осы бағыттағы жедел және перспективалы жұмысты неғұрлым нақты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мақалада бухгалтерлік есептің бөлшек саудадағы маңызы, жүргізу тәртібі сипатталған. Тақырыптың өзектілігі бөлшек саудада тауарларды сатудың бухгалтерлік есебін жетілдіру қажеттілігімен, оны жаңа мазмұнмен, жаңа экономикалық шындықтармен толықтырумен және есепке алудың жаңа заманауи тәсілдері мен әдістерін әзірлеумен анықталады.

Түйінді сөздер: бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, баланс, сауда айналымы, бөлшек сауданы ұйымдастыру, сауда шоты, дебиторлық берешек.

Кіріспе. Бөлшек сауда ұйымдарының сәтті дамуының маңызды шарты бухгалтерлік есепті, атап айтқанда тауарлардың қозғалысын, оның ішінде тауарлардың түсуі, сатылуы және қорлары туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды ұйымдастыруды жетілдіру болып табылады. Тауарлардың номенклатурасы, бухгалтерлік есептің әртүрлі әдістері, нақты шығындарды күрделі есептеу, көптеген жеткізушілермен

және сатып алушылармен есеп айырысуды ұйымдастыру сауда кәсіпорны бухгалтерінің жұмысын өте күрделі және жауапты етеді. Сондықтан бөлшек сауда кәсіпорындарының тиімді экономикалық қызметі тауарлар қозғалысының барлық кезеңдерінде бухгалтерлік есепті дұрыс қою, бастапқы және ағымдағы есеп жүргізудің қолданыстағы әдістерін жетілдіру және қаржылық нәтижелерді есепке алуды ұйымдастыру, ұйымның қаржылық жағдайы мен тұрақтылығын бағалау жағдайында ғана мүмкін болады. Мәселенің бұл өзектілігі тезистің мына тақырыбын таңдауға әкелді: «бөлшек саудадағы бухгалтерлік есепті жетілдіру», бұл, ең алдымен, кәсіпорынның негізгі қызметі бөлшек сауда болып табылатындығына байланысты. Бұл бөлшек сауда нарықтық ортадағы өзгерістерге динамикалық жауап беруге ғана емес, сонымен қатар әр тұтынушының қажеттіліктерін уақтылы қанағаттандыру арқылы өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан бухгалтерлік есепті жетілдіру процесіне өз бағыттарын енгізу қажеттілігі туындады. Бөлшек сауда саласындағы бухгалтерлік есеп шығыстарды қысқарту және ұйымның кірісін арттыру бағытында сауда қызметінің басқа да тараптарын ескеруі тиіс. Бұл бүкіл ел экономикасының қозғаушы күші болып табылатын сауда қатынастары, ал тауарлық операциялар саудадағы негізгі есепке алу объектісі болып табылады. Елімізде сауда кәсіпорындарының саны күрт өсті, нәтижесінде бөлшек саудада бухгалтерлік есепті жетілдіру маңызды экономикалық мәнге ие болады.

Сараптамалық бөлім. Экономика профессоры Н.В. Адамов және М.В. Вахрушин бөлшек сауданың экономикалық өсу деңгейін анықтау кезінде бухгалтерлік есеп жүйесіндегі артықшылықтар мен кемшіліктерді анықтады. Ал кейбір ғалымдар, мысалы, А.Д. Шеремет және И.А. Кошкин, бөлшек саудадағы бухгалтерлік есепті жетілдіру жолдарын анықтады. Атап айтқанда, профессор, экономика ғылымдарының докторы, әртүрлі жұмыстар мен теориялардың авторы – И.А. Кошкин саудадағы бухгалтерлік есепті жетілдірудің өзіндік нұсқасын ұсынды: «Бухгалтерлік есеп әдістемесі мен технологиясын жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі – бұл іскери практикадағы ауытқу әдісімен ақпаратты есепке алу. Сауда кәсіпорындары мен ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп әдістемесінің дамуы, оның әдістемесі мен ұйымдастырылуын жетілдіру және сайып келгенде экономикалық механизмді жетілдіруде есеп пен бақылау рөлінің артуы осы саладағы ғылыми зерттеулерді күшейтуді және олардың нәтижелерін тәжірибеге кеңінен енгізуді талап етеді».

Сауда ұйымдарындағы бухгалтерлік есепті жүргізудің маңызы өте зор. Себебі күнделікті жүргізіліп отырған нақты дұрыс есептілік қызметтің табысты болуына бірден-бір себеп.

Сондықтан сауда ұйымдарының алдына бухгалтерлік есепті жүргізудің төмендегідей міндеттері қойылған:

1) сақталуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін ұйымдардағы барлық мүліктің сандық – сомалық есебі;

2) ұйым мүлкін қалыптастыру көзінің есебі (ұйымның міндеттемесі);

3) сауда ұйымдарындағы бухгалтерлік өткізбенің көмегімен жүзеге асатын барлық шаруашылық процестердің сипаттамасы;

4) саудалық және басқарушылық қызметті жүзеге асыруға кеткен сандық және сапалық есебі;

5) ұйымды басқару және жетекшілік ету үшін қажетті ұйымның сауда қызметінің толық және жеткілікті ақпараттарының қалыптасуы;

б) аналитикалық есептің жүргізілуі тауарлардың, сатып алушылар, жабдықтаушылар және басқа да объектілер есебінің жан-жақты мағлұмат алу үшін қажеттілігі.

Саудадағы бухгалтерлік есептің нақты ерекшеліктеріне тауарларды қабылдауды, сақтауды және өткізуді есепке алу және тіркеу, сонымен қатар сату кезінде бақылау-касса машиналарын қолдану қажеттілігі жатады. Саудадағы есеп жүргізудің арнайы процедурасы көтерме және бөлшек сауда қызметіне әсер етеді, олардың әрқайсысында негізгі бағыттар анықталады. Бөлшек бухгалтерлік есеп тауарларды алу, сату және қайтару және басқа операцияларды есепке алуды қамтиды. Сауда ұйымдарының қызметінде айналым, сатып алу, тасымалдау, сату, қабылдау, тиеу-түсіру, сақтау, тұтынушыларға жеткізу, есептен шығару, есептен шығару және т.с.с. байланысты тауарлық операциялар бар.

Белгіленген объектілер саудадағы бухгалтерлік есептің рөлі мен маңызын күшейтеді. Бухгалтерлік есеп нарықтық экономикасы дамыған елдерде де, Қазақстан Республикасында да басқарудың маңызды функцияларының бірі болып табылады.

Бухгалтерлік есеп – бұл заңды тұлғаның шаруашылық операциялары, оның мүлкі, осы мүлікті қалыптастыру көздері, ұйым міндеттемелерінің пайда болуы мен қозғалысы туралы ақпаратты ақшалай түрде жинау, өлшеу, тіркеу, өңдеу және беру жүйесі.

Бастапқыда бухгалтерлік есеп, баланс, екі жақты жазу және түгендеу алғаш саудада пайда болды. Сауда ұйымында бухгалтерлік есепті жүргізу қатаң түрде ҚР заңнамалық, нормативтік құжаттарымен регламенттелуі тиіс.

Кесте 1 – Бухгалтерлік есеп бойынша заңнамалық-нормативтік құжаттар:

| | |
|-------------|--|
| 1-ші деңгей | «Бухгалтерлік есеп туралы» Заң, ҚР Азаматтық кодексі, бухгалтерлік есеп бойынша басқа да заңдар, ҚР Президентінің Жарлықтары ҚР Үкіметінің қаулылары |
| 2-ші деңгей | Бухгалтерлік есеп бойынша ережелер (ХКЕС) |
| 3-ші деңгей | Қазақстан Қаржы министрлігінің нормативтік құжаттары: бұйрықтар, әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар, түсініктемелер, хаттар |
| 4-ші деңгей | Басқа министрліктер мен ведомстволардың нормативтік құжаттары |
| 5-ші деңгей | Ұйымның есеп саясаты жөніндегі бұйрық, ұйымның басқа да жұмыс құжаттары |

Тауарлар, кез келген актив сияқты, есепке алудың мынадай критерийлері (есепке алу элементін ұйымның балансына немесе кірістері мен шығыстары туралы есебіне қосу мүмкіндігі үшін қажетті сипаттамалар болған кезде ғана көрсетіледі):

1. Болашақта осы актив бойынша экономикалық пайда алу ықтималдығы болған кезде;

2. Есепке алу объектісін сатып алуға немесе өндіруге нақты шығындарды бағалау мүмкін болған кезде.

Тауарлар баланста оларды пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу мүмкіндігі болған кезде ғана танылады. Пайдаланудың экономикалық пайдасы ұйымдарға әртүрлі жолдармен келуі мүмкін, мысалы:

- тауарлар сатылуы мүмкін, бұл ретте тауарларды сатудан түсім алу пайда болады;

- тауар басқа активтерге айырбастау үшін немесе субъектінің қолданыстағы міндеттемелерін өтеу құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте нақты ақша қаражатын үнемдеудегі, міндеттемелерді қысқартудағы немесе жаңа активтердің түсуіндегі пайда;

- тауарларды дивидендтер ретінде төлеу үшін де пайдалануға болады және т.б.

Тауарлар, барлық қорлар сияқты, сатудың мүмкін болатын таза құнының ең аз құны бойынша бағаланады.

Тауарлардың өзіндік құны тауарларды ағымдағы жай-күйіне және олардың ағымдағы орналасқан жеріне жеткізу мақсатында жүргізілген сатып алуға, қайта өңдеуге арналған барлық шығындарды, өзге де шығындарды қамтиды.

Сауда фирмаларында әкімшілік және бухгалтерлік бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат алу үшін материалдық жауапты адамдар үшін тауарлардың аналитикалық есебі жүргізіледі. Тек осы жағдайда ғана әрбір адамның өзіне сеніп тапсырылған құндылықтар үшін жеке жауапкершілігі қағидатын іс жүзінде жүзеге асыруға қол жеткізіледі.

Пайдаланушылар арасында ең танымал бірі есеп жүргізу әдістерінің бірі – 1С: бухгалтериядағы бөлшек сауда операцияларын есепке алу жүйесі. Әдетте, бұл транзакциялардың бірінші санаты, оны кәсіпкерлер толыққанды есепке алу жүйесіне көшу кезінде танысуы керек. Шаруашылық есепке алу операцияларын жүргізу мен тіркеудің дұрыстығына қатысты пайдаланушылар алдында туындайтын салықтық міндеттемелерден басқа, қолданылатын қосарланған жазба операцияларды неғұрлым ашық етуге көмектеседі.

Бұл сауда қорының жалпы жағдайына, айналым коэффициентіне және сайып келгенде пайдаға оң әсер етеді. Ұсынылған есеп жүйесі бірнеше қоймаларда орналасқан күрделі тауар номенклатурасына қызмет көрсетуге және кіріске алынған тауардың жоғалуын болдырмауға көмектеседі.

Отандық бухгалтерлік есеп стандартына айналған бұл танымал бағдарлама автоматтандырылған және автоматтандырылмаған сауда нүктелерінің операцияларын тіркеуге арналған. Екінші жағдайда, жазбалар деректерді дербес енгізетін маман жүзеге асырады. Дәл осы форма кәсіпкерлер үшін өте қолайлы, сондықтан бағдарламалық қосымшаны терең зерттемей-ақ, сауда операцияларын қалай көрсету керектігі туралы Нұсқаулық бағдарламалық ортамен жұмыс істеудің басында қажет.

Ең алдымен, 1С бөлшек сатуды есепке алу аясында: бухгалтерлік есеп бірқатар бастапқы және бухгалтерлік құжаттар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, атап айтқанда, келесі жазбалар қамтамасыз етіледі:

- қоймадағы тауарлардың түсуі және кіріске алынуы;
- бағаны қалыптастыру;
- бөлшек қоймаға ауыстыру;
- тауарды сату;
- инкассация және есепті шотқа түсімді қабылдау.
- Егер сақтау орны қойма болмаса да, бухгалтерлік жазба мыналарды қамтиды:
 - жеткізуші ішкі өндіріс болса да, тауарды жеткізушіден көтерме қоймадағы бөлшек сауда нүктесі арқылы қабылдау;
 - сату бағасын орнату және тауарды бөлшек қоймаға беру;
 - өнімдерін сату;
 - сатудан түскен түсімнің түсуі;
 - бөлшек қоймадан тауарды жөнелту.

Интерфейсте бәрі қарапайым ұйымдастырылған, бастысы – жоғарыда сипатталған алгоритмді игеру және оны бухгалтерлік есепте дұрыс көрсетуді үйрену.

Саудадағы бухгалтерлік есептің өзіндік ерекшеліктеріне тауарлардың түсуін, сақталуын және өткізілуін есепке алу және рәсімдеу, сондай-ақ сату кезінде бақылау-кассалық техниканы пайдалану қажеттілігі жатады. Саудадағы бухгалтерлік есептің ерекше тәртібі көтерме және бөлшек қызметті қозғайды, олардың әрқайсысында негізгі бағыттар айқындалған. Бөлшек саудадағы бухгалтерлік есеп тауарлардың түсуін, сатылуын және қайтарылуын есепке алуды және басқа да операцияларды қамтиды. Сатып алу-сату шартына сәйкес тауарға меншік құқығының ауысуы сату деп танылады. Жоғарыда айтылғандай, бөлшек сауда шартын жасасу сәті әрқашан оны орындау сәтімен сәйкес келеді. Сондықтан, сатып алушыдан дүкен кассасына төлем ала отырып, сатушы тауарларды сатуды дереу бухгалтерлік есепте көрсетеді. Тауарларды сату және қаржылық нәтижелерді қалыптастыру бойынша операциялардың сенімді көрінісі толығымен тауарлар мен ақша қаражаттарының қозғалысын есепке алуды ұйымдастыруға байланысты.

Сауда кәсіпорындарындағы тауарлардың қозғалысын есепке алу кіріс және шығыс құжаттарының дұрыс рәсімделуімен тікелей байланысты. Сауда ұйымдарындағы тауарлардың қозғалысын есепке алу тәртібі заңнамалық актілермен бекітіліп, сауда ұйымдарында тауарларды қабылдау, сақтау және беру операцияларын есепке алу және рәсімдеу жөніндегі Әдістемелік ұсыныстармен реттеледі. Көрсетілген әдістемелік ұсынымдардың тармағымен бөлшек сауда айналымының сомасы сатылған тауарлар үшін түскен түсім сомасы бойынша айқындалады. Түсім әрбір құрылымдық бөлімше бойынша күннің соңы мен басындағы бақылау-касса машиналары сомаларының көрсеткіштері арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Бөлшек сауда кәсіпорындарында тауарларды сатудың синтетикалық есебі жүргізіледі. Осы шоттың кредиті бойынша өткізілген тауарлардың сату құны, ал дебет бойынша – тауарларды өткізуге байланысты шығыстар (сатып алу құнын, сатуға арналған шығыстарды қоса алғанда) және салықтар көрсетіледі. Кассалық құжаттар негізінде тауарларды сатудан түскен түсім сомасына мынадай жазба жасалады: Дт 1010 «касса»

Кт 1210 «сатып алшыдар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» қосалқы шоты. Бір мезгілде ҚҚС сомасы есептеледі (егер сауда ұйымы салық төлеуші болып табылса): Дт 1210 «сату», 3130 «салықтар мен алымдар бойынша есеп айырысулар» «ҚҚС» қосалқы шоты. Демек, сауда ұйымы алған кірістің дұрыс көрсетілуі, ең алдымен, ақшаны есепке алу жөніндегі нұсқауларды орындаудың дәлдігіне байланысты.

Кез келген шаруашылық жүргізуші субъектілердің бөлшек сауда айналымы мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

- сауда нысандары бойынша;
- аумақтық сипаттамасы бойынша;
- есеп айырысу нысанына қарай, құрамы бойынша;
- баға әсерін есепке алуға байланысты;
- өлшегіштер бойынша;
- құрылымы бойынша;
- есептілікті жасауы бойынша жіктеледі.

Қорытынды. Бөлшек сауда шеңберінде бухгалтерлік есепті, коммерциялық жұмысты дұрыс ұйымдастыру тауар айналымының өсуіне, халықтың жиынтық сұранысын жеткілікті түрде толық қанағаттандыруға және коммерциялық жетістіктерге жетуге ықпал етеді. Біз күткен пайда сату жүйесі мен бөлшек сауданың қаншалықты тиімді ұйымдастырылғандығына байланысты. Бөлшек сауда кәсіпорындары тауарларды халыққа тікелей сатады, яғни жеке тұлғаларға бөлшек сатудың өзіндік әдістері мен әдістерін қолдана отырып, олар ақырында өнімді өндірушінің тұтынушыға деген үндеуін аяқтайды. Бөлшек сатудың тиімді әдістерін таңдау – бөлшек сауда бизнесіндегі маңызды қадам. Тауарларды тиімді ұйымдастырылған сату сауда кәсіпорнының тауар айналымының өсуіне, халықтың сұранысының жақсырақ қанағаттандырылуына ықпал етеді және кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарова В.Л. Бухгалтерский учет в отраслях: Учебник / В.Л. Назарова. – Алматы Экономика, 2016. – 253 с.
2. Радостовец В.В. Теория и отраслевые особенности бухгалтерского учета: научное издание – Алматы: Центраудит-Казахстан, 2017. – 495 с.
3. Толпаков Ж.С. Бухгалтерский учет [Текст] – Учебник / Ж.С. Толпаков. – Караганда: ОАО Карагандинская полиграфия, 2016. – 980 с.
4. Акчурина Е.В. Бухгалтерский финансовый учет: Учебное пособие, – М.: Издательство «Экзамен». – 2019.
5. Бобров Н. Анализ новых тенденций в развитии розничной торговли. – М.: Маркетинг, 2019.
6. Безруких П.С., Кондраков Н.П., Палий В.Ф. Бухгалтерский учет: Учебник. – М.: Бухгалтерский учет, 2017.
7. Учет в торговле: // Приложение к журналу «Главбух». – 2018, № 1, с. 65.

А.К. Низамдинова¹, кандидат экономических наук, и.о. доцента

М.Б. Ниязбек², магистрант

^{1,2} Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Отражение бухгалтерского учета в торговле

Аннотация. Торговля является одной из ведущих отраслей экономики. Несомненно, в экономической деятельности страны торговые предприятия занимают одно из первых мест по количеству. Розничная торговля товарами выступает в качестве одного из определяющих показателей мощности предприятий торговли в целом, так как по ее значению можно оценить объем деятельности предприятия, который характеризует эффективность использования ресурсов предприятия и общие затраты на реализацию товаров. В сфере товарооборота розничный товарооборот оказывает влияние на другие показатели торговли, в частности на товарные запасы и их трудовой оборот в торговле и др. Уровень и качество анализа розничного товарооборота определяются следующими важными условиями: компетентностью руководства организации на всех уровнях управления; квалификацией специалистов, работающих в функциональных подразделениях; наличием информационной базы и обеспеченностью компьютерной техникой. Качественно проведенный анализ позволяет отразить «трудности» в использовании средств труда, а объективная и адекватная оценка полученных результатов позволяет более четко организовать оперативную и перспективную работу в данном направлении. В статье описано значение бухгалтерского учета в розничной торговле, порядок ведения. Актуальность темы определяется необходимостью совершенствования бухгалтерского учета реализации товаров в розничной торговле, наполнения его новым содержанием, новыми экономическими реалиями и разработки новых современных подходов и методов учета.

Ключевые слова: бухгалтерский учет, финансовая отчетность, баланс, товарооборот, организация розничной торговли, торговый счет, дебиторская задолженность.

A.K. Nizamdinova¹, candidate of Economic Sciences, acting associate professor

M.B. Niyazbek², undergraduate

^{1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Reflection of accounting in trade

Abstract. Trade is one of the leading sectors of the economy. Undoubtedly, in the economic activity of the country, trade is one of the first places in terms of the number of enterprises. Retail trade in goods acts as one of the indicators of the determining capacity of commercial enterprises in general, since by its essence it is possible to estimate the volume of activity of the enterprise, which characterizes the efficiency of using the resources of the enterprise and the total costs spent on the sale of goods. In the sphere of commodity turnover, retail trade turnover affects other indicators of trade, in particular commodity stocks and their labor turnover in trade, etc. The level and quality of retail turnover analysis is determined by the following important conditions: the competence of the organization's management at all levels of management; the qualifications of specialists working in functional divisions; the availability of an information base and the availability of computer equipment. A high-quality analysis allows us to show "difficulties" in using labor tools, and an objective and adequate assessment of the results obtained allows us to more clearly organize operational and promising work in this direction. The article describes the importance of accounting in retail trade, the procedure for conducting it. The relevance of the topic is determined by the need to improve accounting for the sale of goods in retail, its replenishment with new content, new economic realities and the development of new modern approaches and methods of accounting.

Keywords: accounting, financial statements, balance sheet, trade turnover, Retail Trade Organization, trading account, accounts receivable.

Павиз Юнес Рахим, профессор ассистенті
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Түйіндеме. Мақалада әлемдегі елдердің экономикалық дамуының тиімді тетігі ретінде саналатын шағын және орта бизнестің (ары қарай – ШОБ) Қазақстандағы даму жағдайына талдау жасалынды. Елдегі осы бизнестің соңғы жылдардағы жағдайы мен қызмет саласы, сондай-ақ COVID-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы қарастырылады. Ресми деректер негізінде ШОБ даму деңгейі және жағдайы талданып, шетелдік тәжірибемен салыстырылды. Шетелдік тәжірибені талдау және зерттеу мемлекеттік және жергілікті органдарға кәсіпкерлікті қолдаудың түрлі бағдарламаларын әзірлеуде және жүргізуде көп мүмкіндік береді. Осыған орай, шет елдердегі ШОБ мемлекеттік қолдау тетіктері зерттелді. ШОБ-тың дамуы мен қазіргі жағдайына талдау жасау кезінде ақпаратты жинау, топтастыру, өңдеу және қорытындылау әдістері қолданылып салыстырмалы талданды. Салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері арқылы экономикалық индикаторлардың жүйелік проблемаларын айқындау себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу аясы бойынша қорытынды жасалынды.

Түйінді сөздер: шағын және орта бизнес, әлемдік елдер, салыстырмалы талдау, статистикалық талдау, ЖІӨ, бизнес жүргізудің жеңілділігі индексі, өркендеу индексі

Кіріспе. ШОБ қазіргі заманғы нарықтық жүйенің негізгі элементі және дамыған нарықтық экономиканың кепілі, экономикалық және ғылыми-техникалық қозғаушы күштердің бірі болып табылады.

Дамушы елдерде ШОБ ұзақ уақыттан бері көп деңгейлі экономиканың негізі болып келеді және негізінен жұмыссыздыққа қарсы тұрудың, кірістерді теңестірудің және т.б. әлеуметтік функцияларын орындайды. Дамушы елдердің шағын кәсіпорындарының едәуір бөлігі индустрияға дейінгі еңбек нысандарының басым болуымен, тиімділіктің өте төмен деңгейімен және халықтың кедей топтарының тұтынушылық сұранысына назар аударумен сипатталады.

Отандық ғалымдар мен зерттеушілер соңғы жылдары елдегі ШОБ дамыту бойынша көптеген еңбектерін жазып, оны жаңғырту жөніндегі шаралар мен әртүрлі ұсыныстар жасауда. Алайда елімізде ШОБ даму деңгейі экономикалық дамыған елдермен салыстырғанда әлі де жетілдіруді, жаңартуды талап етеді. ШОБ дамытуда мемлекеттік қолдау да әлі де жеткіліксіз деңгейде. Осыған байланысты шет елдердегі ШОБ жағдайына, даму деңгейіне назар аударып, талдау қажеттілігі туындайды. Шетелдік тәжірибені зерттеу және ұтымды тәжірибелерін отандық

экономикада қолдану өте пайдалы болып отыр. Шетелдік тәжірибені талдау және зерттеу мемлекеттік және жергілікті органдарға кәсіпкерлікті қолдаудың түрлі бағдарламаларын әзірлеуде және жүргізуде көп мүмкіндік береді.

Экономикасы дамыған елдерде ШОБ дамуы жылдам, өйткені мемлекет кәсіпорындарды дамыту бағдарламаларына қолдауға үлкен мән береді және барынша ШОБ қолдау көрсетуге тырысады. Өйткені экономиканың тұрақты дамуының негізі болып табылатын, сонымен қатар халықтың көпшілігін жұмыспен қамтамасыз ететін түрі ретінде қабылдайды. Бұл елдерде ЖІӨ-нің 50-70%-ға жуығы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне тиеді.

Бүгінде COVID-19 пандемиясы әлемдегі біршама елдерді экономикалық дағдарысқа әкеліп отырғаны белгілі. Қазақстанның да ШОБ осындай сыртқы күйзелістерге дайын болмауының едәуір дәрежесін көрсетті. Елімізде пандемия кезінде мемлекет кәсіпкерлерге біршама ауқымды әрі жедел қолдау көрсетілді.

Сараптамалық бөлім. World Bank жыл сайын әлемнің түрлі елдерінде бизнес ашуда және жүргізуде күрделілігін көрсететін Doing Business рейтингін жариялап отырады. Бұл рейтинг елдегі бизнестің жүру деңгейін көрсетеді және бұл әрбір елдің инвестициялар тартуына әсер етеді.

2020 жылғы жағдайды көрсететін бұл рейтинг кәсіпкердің жаңа кәсіпорынды тіркеу, кәсіпорын қызметі, сауда операцияларын жүргізу, келісім шарттардың орындалуын қамтамасыз ету, салық салу және кәсіпорынды жабу жөніндегі мемлекет талаптарын орындау уақыты мен құнын ескеретін кәсіпкерлік қызметті реттеудің 10 индикаторы негізінде жасалады. Әр индикатордың макроэкономикалық саясат, инфрақұрылым сапасы, жұмыс күшінің біліктілігі, валюта бағамдарының ауытқуы, инвесторлардың пікірлері, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлық деңгейі сияқты айнымалылар ескерілмейді. Осылайша, әлем елдерінің бизнес-ортасы саяси аспектілерді ескермей, тек мемлекеттік реттеу деңгейінде каралады. Қорытынды рейтингте барлық елдер бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайлары бойынша 1-ден 189-ға дейін орын алады, бірінші орында тұрған елдің позициясы жоғары, бұл елде бизнес ашу және жүргізу жылдам, қарапайым және қауіпсіз дегенді білдіреді [1].


Кесте 1 – Бизнесті жүргізу қолайлылығының көрсеткіші бойынша әлем елдерінің жиынтық рейтингінің индикаторлары.

| | |
|---|---|
| 1. | Кәсіпорындарды тіркеу |
| 2. | Құрылысқа рұқсат алу |
| 3. | Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу |
| 4. | Меншікті тіркеу |
| 5. | Несиелеу |
| 6. | Инвесторларды қорғау |
| 7. | Салық салу |
| 8. | Халықаралық сауда |
| 9. | Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету |
| 10. | Кәсіпорындарды тарату |
| Дереккөз [1] негізінде автормен құрастырылған | |

Кестеде бизнесті жүргізу қолайлылығының көрсеткіші бойынша әлем елдерінің жиынтық рейтингі, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті реттеудің 10 индикаторы бойынша көрсетілген. Индикаторлар кестеде № 1-ден № 10-ға дейін көрсетілген.

Нәтижелер мен талқылаулар. Көптеген индустриалды дамыған елдерде ШОБ ЖІӨ-нің негізгі бөлігін құрайды және еңбекке қабілетті халықтың көпшілігін жұмыспен қамтамасыз ете отырып өзара бәсекелестікті тудырады. Еліміздің және бірқатар шет елдердің экономикасындағы шағын және орта бизнестің орнын сипаттайтын көрсеткіштерді салыстыра отырып, ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі деңгейі бойынша және жұмыспен қамтығандардың жалпы санында Қазақстанның АҚШ және Ұлыбританияның дамыған елдерінен ғана емес, сонымен қатар посткеңестік кеңістіктегі елдерден – Польша, Венгриядан артта қалуы айқын көрінеді.

LEGATUM өркендеу индексі бойынша Дания әлемде бірінші орын алады. 2020 жыл бойынша Даниядағы әл-ауқат индексі 84,37 баллды құрады. Үздік 5 елдің қатарына Норвегия, Швейцария, Швеция және Финляндия кіреді [2].



Сурет 1 – LEGATUM өркендеу индексі бойынша елдердің әл-ауқат көрсеткіштері

Дереккөз [2] негізінде автормен құрастырылған


Ал Қазақстанның әл-ауқат индексі 60,57 баллды құрады және 62 орында орналасқан. 2016 жылмен салыстырғанда өсімі 2,49. Көрші Ресей 58,04 баллды құрап, 76 орында, 2016 жылмен салыстырғанда өсімі 1,86. Қырғызстан 55,99 баллды құрап, 90-шы орында орналасқан, 2016 жылмен салыстырғанда өсімі 2,59.

Кесте 2 – LEGATUM өркендеу индексі бойынша 2020 ж.эл-ауқат индексі

| Ранг | Елдер | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Өсім +/- 2020/2016 |
|------|---------------|-------|-------|-------|-------|-------|-----------------------|
| 1 | Дания | 83,11 | 83,47 | 83,88 | 84,01 | 84,37 | 1,25 |
| 2 | Норвегия | 82,94 | 83,91 | 84,48 | 84,07 | 83,81 | 0,88 |
| 3 | Швейцария | 82,66 | 82,73 | 83,35 | 83,69 | 83,35 | 0,68 |
| 4 | Швеция | 82,71 | 83,00 | 83,67 | 83,21 | 83,15 | 0,44 |
| 5 | Финляндия | 82,02 | 82,29 | 83,29 | 82,99 | 83,05 | 1,04 |
| 6 | Нидерланды | 81,76 | 82,07 | 82,41 | 82,48 | 82,04 | 0,28 |
| 7 | Жаңа Зеландия | 81,83 | 81,76 | 82,06 | 81,54 | 81,08 | -0,75 |
| 8 | Германия | 80,65 | 80,69 | 81,01 | 81,37 | 81,07 | 0,42 |
| 9 | Люксембург | 80,46 | 80,44 | 80,77 | 80,79 | 81,02 | 0,56 |
| 10 | Австрия | 79,89 | 79,65 | 79,67 | 80,18 | 80,43 | 0,54 |
| 11 | Қазақстан | 58,08 | 59,02 | 59,48 | 59,77 | 60,57 | 2,49 |
| 12 | Ресей | 56,18 | 56,21 | 56,97 | 57,46 | 58,04 | 1,86 |
| 13 | Әзірбайжан | 53,21 | 53,27 | 54,39 | 55,76 | 57,69 | 4,48 |
| 14 | Қырғызстан | 53,40 | 53,64 | 55,23 | 56,01 | 55,99 | 2,59 |
| 15 | Украина | 52,08 | 52,31 | 53,60 | 54,43 | 55,73 | 3,65 |
| 16 | Түркия | 57,25 | 56,66 | 55,71 | 55,07 | 54,94 | -2,31 |

Дереккөз [2] негізінде автормен құрастырылған

Бизнесті жүргізудің қарапайымдылығын бағалауда Жаңа Зеландия бизнес жүргізу жеңілділігі бойынша әлемде бірінші орын алады. 2020 жылғы жағдай бойынша Жаңа Зеландияда бизнесті жүргізу жеңілдігі 86,8 баллды құрады. Ең үздік – 5 елдің қатарына Сингапур, Гонконг, Дания және Корея Республикасы кіреді.



Сурет 2 – Бизнесті жүргізудің қарапайымдылығын бағалаудағы рейтинг

Дереккөз [2] негізінде автормен құрастырылған

Кесте 3 – Бизнесі жүргізудің қарапайымдылығын бағалаудағы индекс көрсеткіші

| Ранг | Елдер | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | Өсім +/- 2020/2016 |
|------|---------------------|------|------|------|------|------|-----------------------|
| 1 | Жаңа Зеландия | 87,1 | 87,2 | 87,0 | 87,0 | 86,8 | -0,4 |
| 2 | Сингапур | 84,9 | 85,4 | 85,6 | 85,8 | 86,2 | 1,3 |
| 3 | Гонконг, Қытай | 84,3 | 84,8 | 85,0 | 85,1 | 85,3 | 1,0 |
| 4 | Дания | 84,5 | 84,6 | 84,6 | 85,2 | 85,3 | 0,8 |
| 5 | Корей Республикасы | 83,1 | 84,0 | 84,0 | 84,0 | 84,0 | 0,9 |
| 6 | АҚШ | 83,6 | 83,6 | 83,6 | 83,6 | 84,0 | 0,4 |
| 7 | Грузия | 78,3 | 80,8 | 83,0 | 83,5 | 83,7 | 5,4 |
| 8 | Біріккен Корольдігі | 83,3 | 83,3 | 83,2 | 83,6 | 83,5 | 0,2 |
| 9 | Норвегия | 81,8 | 82,4 | 82,7 | 82,9 | 82,6 | 0,8 |
| 10 | Швеция | 81,6 | 82,2 | 82,2 | 82,0 | 82,0 | 0,4 |
| 11 | Қазақстан | 70,9 | 74,8 | 76,9 | 78,0 | 79,6 | 8,6 |
| 12 | Ресей Федерациясы | 74,1 | 75,3 | 76,5 | 77,4 | 78,2 | 4,1 |
| 13 | Түркия | 69,1 | 69,4 | 70,9 | 75,3 | 76,8 | 7,6 |
| 14 | Әзірбайжан | 65,4 | 64,3 | 66,8 | 73,6 | 76,7 | 11,3 |
| 15 | Армения | 69,1 | 70,6 | 71,5 | 73,2 | 74,5 | 5,4 |
| 16 | Беларусь | 68,7 | 72,6 | 73,6 | 74,4 | 74,3 | 5,6 |

Дереккөз [2] негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан бизнесті жүргізудің қарапайымдылығын бағалауда 25-ші орында, 2020 жылғы жағдай бойынша 79,6, 2016 ж.салыстырғанда өсімі 8,6.

Көрші елдер Ресей 28-ші орынды иеленіп, 2020 жылғы жағдай бойынша 78,2, 2016 жылмен салыстырғанда өсімі 4,1.

Белорусия 49-шы орынды иеленіп, 2020 жылғы жағдай бойынша 74,3, 2016 ж.салыстырғанда өсімі 5,6.

Әлемдегі бизнеске қолайлы саналатын ел АҚШ-тың шағын және орта бизнесінің дамуын қарастыратын болсақ, АҚШ заңы бойынша ШОБ санатына 500 адамнан аспайтын жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілері кіреді. Құрама Штаттардағы барлық шағын және орта кәсіпорындар 3 санатқа бөлінеді:

1) Кіші өнеркәсіпорындар – 20 адамға дейін жұмыс істейтін фирмалар;

2) Шағын кәсіпорындар – 20-дан 100 адамға дейін;

3) Орта кәсіпорындар – 100-ден 500 адамға дейін.

Қазіргі уақытта АҚШ-та 500-ден аз қызметкері бар 7 миллионға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, оның ішінде 6 млн кәсіпорында 20-дан аз адам жұмыс істейді. Сонымен қатар, 18,3 млн жеке ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпорындар бар. Жыл сайын 600 мыңға жуық шағын кәсіпорындар тіркеледі және соның ішінде 500 мыңға жуығы қайта жабылады. Алайда бұл процесс американдық кәсіпкерлер ешқандай

алаңдамайды, өйткені қайта жаңа кәсіпорын ашуға мүмкіндігі бар және орта соған қолайлы. Бизнесері банкротқа ұшыраған жағдайда да олар ынтасын жоғалтпайды және ескі бизнестің аяқталуын жаңаның басталуы ретінде қарастырады. Бұл құбылыс барлық американдық бизнестің өміршеңдігінің тамыры болып табылады [3].

АҚШ-тағы «капитализмнің тірегі» болып саналатын елде ШОБ қолдау принципі бүгін емес, елдегі Ұлы депрессия мен екінші дүниежүзілік соғыс кезіндепайда болған [4]. Кейбір елдерде әлі де дами бастаған федералды бағдарламалар АҚШ-та 1932 жылдан басталады. Бұл уақытта елдегі Ұлы депрессиядан кейін мемлекет соғыс салдарынан зардап шеккен ШОБ субсидиялай бастады. Ол кезде АҚШ-та маңызды әлеуметтік маңыздылықты баса көрсете отырып, жұмыс орындарын құруды қамтамасыз еткен шағын бизнес болды.

